

**МККК №39 «Достық» балабақшасының Қамқорлық кеңесі
отырысының хаттамасы
№1**

Ақтөбе қаласы.

« 08» «09» 2021 жыл

Қатысушылар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, 10 топтың ата-аналар комитетінің төрағалары, әкімшілік, кәсіподақ комитетінің төрағасы және №39 «Достық» балабақшасының педагогтары

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Педагогикалық ұжымның, ата-аналар комитетінің, Қамқоршылық кеңесінің өткен жылғы 2020-2021 оқу жылы жұмысының қорытындысы.
2. №39 «Достық» балабақшасының 2020-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасына сәйкес 2021-2022 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің жоспарын түзету және бекіту.
3. Балабақшаның аумағын абаттандыру бойынша жұмыстарды жоспарлау.
4. Әр түрлі

Тындалды.

Бірінші сұрақ бойынша: балабақша меңгерушісі А.Ж.Уркимбаева қатысушыларды 2020-2021 оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының қорытындыларымен және мектепке дейінгі ұйымның төлқұжатымен таныстырды. Бұдан әрі ол Қамқоршылық кеңес мүшелерін мектепке дейінгі ұйымның материалдық техникалық базасының жағдайы туралы таныстырды. Балабақшада 10 топта 280 орын бар, олар қазіргі заманға сай ойыншықтармен жиһаздармен жабдықталған. Ғимараттың бірінші қабатында музыка спорт залы, үш тілді, экология және психолог кабинеттері, медециналық және процедуралық кабинеттер орналасқан.

Балабақша аумағы абаттандырылған, экологиялық аймақтар бар: шырша, бақша, гүлзарлар. Спорттық және ойын құралдары балалардың денсаулығын нығайтуға, тәрбиешілер мен ата-аналар арасында экологиялық тәрбие мен салауатты өмір салтын насихаттауға зор ықпал етеді.

Балабақшада күрделі жөндеу 2010 жылы жүргізілді.

2019 жылы жылумен және сумен жабдықтау жүйелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Балабақшада оқыту және тәрбиелеу жұмыстары инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жүзеге асырылуда:

2012 ж. - үш тілділік бойынша облыстық эксперимент;

2012 ж. - облыстық ЭКОлаборатория;

2014 ж. республикалық балабақшада бағдарламалар мен жаңа технологияларды апробациялау»;

2014 ж. «Өзін-өзі тану» бойынша республикалық пилоттық бағдарлама»;

2017 ж. Шағын Теннис бойынша қалалық эксперимент;

2019 ж. «Заманауи білім беру технологияларын енгізу негізінде мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру» облысы эксперимент.

Балабақша педагогтары тәрбиеленушілерді республикалық, облыстық, қалалық деңгейдегі байқауларға қатыстырып, жүлделі орындар иеленіп жүр. Ата-аналар комитетінің төрайымы А.Нармаганбетова ата-аналар комитетінің жұмысын қорытындылады, өткізілген іс-шараларға талдау жасады: ата-аналар клубының отырыстары, шығармашылық, спорттық және зияткерлік қалалық байқауларға, шағын теннис жарыстарына, балабақшадағы экологиялық акцияларға қатысу. Ата-аналар комитетінің төрағасы өз есебінде ата-аналар мен балалардың осындай іс-шараларға бірлесіп қатысуының маңыздылығын атап өтті, өйткені бұл отбасылық құндылықтардың дамуына әсер етеді.

№39 "Достық» балабақша қамқоршылық кеңесінің негізгі функциялары: білім беру процесін ұйымдастыруға, ұйымның тәрбиешілері мен педагогтерінің қызметіне, олардың еңбек жағдайларын жақсартуға көмектесу; спорттық, мәдени және экскурсиялық іс-шараларды өткізуге жәрдемдесу; Үй-жайлар мен аумақтарды абаттандыру; білім беру процесін ұйымдастыруды дамыту және тиімділігін арттыру үшін ақша қаражатын тарту.

ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық Кеңес туралы ережелерге сәйкес, 2019 жылы қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кірді:

1. Вишняк Сергей Викторович -Ақтөбе облысы маслихатының депутаты;
2. Жумабаев Алмас Берікұлы -Астана аудандығының полиция аға лейтенанты;
3. Ашимов Асылан Бақытович- «Арди Ақтөбе» ЖШС басшысы
4. Носков Михаил Григорьевич- «Евро-Микс» ЖШС басшысы
5. Шаргазин Алмас Кылышбаевич- «Актюбснаб» ЖШС басшысы
6. Тохабаева Саян Борантаевна- №1 КДП іс-қағаз жүргізушісі
7. Зайнетдинова Марина Владимировна-Стоматология «Дантист»
8. Жұрымбай Аягөз Ғалымжанқызы -Жеке кәсіпкер
9. Ильясова Гүлжамал Бахитжановна-Жеке кәсіпкер

Екінші сұрақ бойынша:

1.Балабақша меңгерушісі Қамқоршылық кеңес мүшелеріне балабақшаның материалдық базасының жағдайымен таныстырды.


2. Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары Қамқоршылық кеңес мүшелеріне балабақша алаңын көгалдандыру және абаттандыру жоспарымен таныстырды.

Үшінші сұрақ бойынша:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспарының орындалуына қажетті қаржы іздестіру туралы ұсыныстарын енгізуі. Қамқоршылық кеңес мүшелері күн тәртібінің барлық сұрақтарын талқылай отырып шешім қабылданады.

ШЕШІМ:

1. Қамқоршылық кеңес жоспарын бекіту.
2. Балабақша меңгерушісіне материалдық-техникалық базаны жағдайын анықтай отырып, жабдықтар, әдістемелер және құралдар т.б қажеттіліктерді шешуге тапсыру.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспарының орындалуына қажетті қаржы іздестіру туралы ұсыныстарын қолдау және қабылдау.
4. Отырыста қабылданған шешімдердің орындалу мерзімі – ағымдағы жылдың наурыз айы.

Қамқоршылық Кеңес төрағасы  Вишняк.С.В.
Хатшы  Ұзақбай Г.Б.